

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

бағалай білу – оқытушы тарапынан үлкен жауапкершілікті ғана емес, адамгершілік пен кәсібилікті де танытатын амал.

Қорытынды. Тіл үйренушінің қазақ тілін қаншалықты меңгергендігін бағалау өлшемдері бойынша тексерудің маңызы ерекше. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың аудиторияда және одан тыс жерлерде де тілдік құзыреттілігін дамыту тәсілдері жетілдіріліп келеді. Егер мәтін арқылы тілдік тұлғалардың байланысы оқытылып, тілдік қатынастардың барлық түрі үйретілсе, өздік жұмыстар арқылы білім алушы өзінің шығармашылық келбетін дамытады. Оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу әрекеттері арқылы жұмыс түрлерін түрлендіріп отыру оқытушының ізденімпаздығы мен біліктілігін талап етеді. Білім алушылардың қазақ тілінен алған дағды, тәжірибе, білімдерін ағымдық және аралық бақылау және тақырыптық есепке алу үшін пысықтауда қолданылатын осындай үздік платформалардың көмегі зор. Бұлар студенттердің тәжірибелік дағдыларын пысықтау және дамыту, ауызша тексеру, салыстыру кезінде шынайылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар нақты бір тапсырманы анықтауға бағытталған болса, тиімді жүйелерімен оқытушыға ұпай қоюға көмекші бола алады. Студенттердің сабақтағы еркіндігі мен шығармашылық белсенділігін ынталандырады. Үздік бағалау платформалары оқытушының да өзін өзі дамытуына, қазіргі заманауи оқыту әдістерін жан жақты меңгеруіне, оқу үдерісін мазмұнды, қызықты, танымды етіп өткізуге ықпал етеді. Жастар ел ертеңі екендігін ескере отырып, мырзалықпен емес, білім алуға деген қызығушылығын туғызып, шынайы бағалау – сапалы білім негізі екендігін түсінуге тиіспіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет
2. <https://daryn.online/article/463>
3. Гасова О. В. Использование программы «Quizlet» при обучении иностранному языку. – 2018.
4. [Формы-и-методы-контроля-и-оценки-знаний-студентов.pdf \(xn--n1acamh.xn--p1ai\)](#)
5. [Статья на тему "Методы оценки знаний, умений и навыков учащихся" \(infourok.ru\)](#)

ӘОЖ 81-139

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

Амангелді Мадина Ғалымжанқызы
amangeldi-madina05@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Ашенова

Қазіргі жас ұрпақтың басты мәселесі неде? Ол қайдан пайда болды? Оның шешімі қайда жатыр? Қазіргі таңда біздің елімізде қандай өзекті мәселелер бар? Мәселелердің бірі ол білім саласындағы әлсіз тұстарының байқалуы.

Еліміздегі білім саласына жаңашылдық әкелетін жаңа бағдарламалар қолдана отырып, осындай мектеп қабырғасындағы проблемаларға шешім табылады. Білім беру жүйесі мен кәсіптік бағдар беру деңгейінің төмен болуы үлкен мәселе мен қиындықтар туғызады. Сол себепті осы қиындықтарды шешуге мысалдар мен ұсыныстар көрсетілген жөн.

Біріншіден, мектеп оқулықтарының сапасын жақсарту. Көптеген оқушылар мен мектеп мұғалімдері оқулықтың ішінде жазылған сөздер мен сөйлемдерді түсіне қоймайды. Олардың айтуы бойынша, оқулықты орыс не басқа тілден аудармашы арқылы қазақ тіліне аударма салғанға ұқсайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы бойынша бірыңғай мектеп оқулықтарын әзірлеуді тапсырды, деп хабарлайды «Хабар 24» тілшісі. Олардың кейбірімен танысқан Президент олардың сапасыздығына таң қалды. Қазіргі нұсқаулықтарда көптеген сәйкессіздіктер бар.

Гибрат Ғазизов, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: – 9-сынып оқулығында Жүсіпбек Аймауытовтың туған жылы 1895 жыл деп көрсетілген. Ең қызығы, әдебиет сабағында жазушы өмірін бөлек оқимыз. Ал онда ол 1889 жылы дүниеге келген деп жазылған. Түлектер ҰБТ-да осындай сұраққа тап болса, қателесуі мүмкін.

Жақсылық Сәбитов, Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері: – Мұндай қателіктер көп, өйткені, негізінен тарихты ұстаздар жазады. Осының бәрін топтастырып, бір қолға алатын Ұлттық тарих орталығын құру керек. Қазақстан тарихы оқулықтарында әлдеқашан «белгіленген» күндер, яғни ғылыми дәлелденген, уақыт сынынан өткен даталар болуы керек. Басты мәселе – оқулықтарымыз мемлекеттік стандартқа сай жазылуда. Мемлекеттік стандарт 90-жылдары жазылған академиялық тарих негізінде әзірленді.

Міне, www.24.kz сайтында осы білім сапасы тақарабына тоқталып өтті. Бұл мәселені шешу үшін ұсыныстар да айтылған. Жаңа оқулықтар алдағы 3-4 жылда мектеп қабырғаларында пайда болмақ. Оқулық ол баланың жаңа тақырыпты және одан не талап етілетінін түсінуі оның сапалы білім алуына тығыз байланысты. Бірақ әрбір бала оқулықта жазылғанды түсіне қоймайды. Өйткені баланың қабылдауы басқаша және басқалардан ерекшеленеді. Осыған байланысты бір ұсыныс бар.

Жаңа мультсериалдар мен анимациялар шығару. Олардың сапасын және мазмұнын жақсартып балаларға көрсету. Мысалы: Неге балалардың көп бөлігі орыс тіліндегі немесе шет елдің мультфильмдерін көреді? Себебі олар анимацияны көзге жағымды, назар аударатындай, қызықты оқиғалар арқылы өзіне аудитория жинайды. Біздің мемлекеттен де осындай қызықты оқиғалары бар, көзге жағымды анимациялар шыға алады. Заманмен сай жаңа технологияларды дамыта отырып, білім саласына да бір үлес беруге болады.

Ол былай болады: Анимациялар мен мультсериалдарды тарихпен байланыстыра отырып жасау, тарихты анимация арқылы балаларға көрсете отырып, олардың тарих туралы түсінігін кеңейтеді және қазақ тілін дамытады.

Балабақша қабырғасында	Тарихи батырлар туралы мультфильмдерді көрсету. Тарихтағы батыл жандарға сүйсіне қарауға және де еліне деген мақтанышын жоғарлатады.
Бастауыш сынып	Тарихи тұлғалардың әр біреуіне кішкене мәлемет беретін анимациялар жасау. Олар жайлы есте түсінік қалдыру.
Орта буын	Бастауыш сыныпта өткен тұлғаларды қайта өтеді. Олармен байланысты даталардың санын көбейтіп, есте сақтауға көмектеседі.

Жоғары сынып	ҰБТ тапсыруға көмек болатындай қайталау жұмыстары өтіледі.
--------------	--

(1-кесте)

- Балабақша аясында тарихты көрсете отырып, қазақ тілін үйретуге болады. Олар пайдасы көбірек болатын анимациялар көре отырып, өзінің қазақ тілін дамытады. Тәрбиешілер осы мультсериалдарға бір уақыт бөліп, балаларға көрсетіп отырса, балалардың патриоттық сезімі де тіл байлығы да өседі.

- Бастауыш сыныптарда, әсіресе бірінші сынып оқушыларында оқуға қызығушылығы төмен, күніне 4-5 сабақтан оқу қиын болатын оқушылар болуы мүмкін. Сол себепті егер тарихи тұлғаларды және олардың жетістіктерін көрсетіп, оқушылардың да осындай белестерге жетуіне мүмкіндік бар екенін көрсете аласақ, бұл оларды оқуға ынталандырады. Бастауыш сыныптар көбінесе таңертең, бірінше ауысымда оқиды. Ұйқысын қия алмай сабақта отыратын балаларды бір сергіту және де сабақтан бір демалу үшін бір қосымша сағат қосылса. Ол сағат ішінде бастауыш сынып мұғалімі тарихи мультфильмдер көрсетіп немесе қазақ тілін дамытатын ойын мен жаттығулар ойластырып, балаларға көрсетіп отырады. Бұл өтілген сабақты бекітуге және де баланың тілін дамытуға көмек береді.

- Қазіргі балалардың әрқайсының қолында ұялы телефон бар. Сол себепті орта буын оқушылары үшін ұялы телефонға жаңа қосымша ойлап табылады. Оның ішінде бастауыш сыныпта өткен тарихи тұлғалар жайлы мәліметтер толықтырылып беріледі және ол мәлімет жазбаша және де анимация ретінде болады. Бұл оқып қайталауға, көріп түсінуге ыңғайлы болады. Олар нақты осы мәліметті түсініп есте сақтауы үшін, арнайы тапсырмалар мен тесттер құрастырылады. Бұл тақырыптардан тарих, әдебиет сабақтарында түсінбеген жерлерін мұғалімнен сұрап отырады. Ұстаздар да бұл қосымшаны күнделікті қолдануы тиіс. Қосымшаға кіріп тапсырманы көріп, істегенін арнайы топ мамандары бақылап отырады. Сол себепті бұл тиімді білім беру жүйесі болады.

- Жоғары сынып оқушыларының ең басты мәселесі ҰБТ мен жоғары оқу орнына түсу. Егер балабақшадан бастап тарих пен қазақ тілін осы бағдарлама бойынша өтетін болса, олар үшін ҰБТ-да Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығын тапсыру оңай, әрі басқа пәндерге дайындалуға уақыты көбірек болады. Олар қосымша арқылы өткенді қайталап отыра алады. Сол себепті осы бағдарлама жоғары сынып оқушыларына үлкен көмек болады.

Бұл ұсыныстағы қосымшаның жұмыс жасауы қалай болады? Ең бастысы қосымша тегін және барынша Wi-Fi-дың көмегінсіз қолданылатынын ескерген жөн. Жаңа қосымшаның ішінде жарнама және де жазылымдар болмайды.

Балалар мен жасөспірім үшін қазіргі таңда қызықтыратын, таңқалдыратындай жаңалықтар саны аз. Қызығушылығын арттыру мақсатында батырлық мен тарихи тұлғалардың қатысуымен анимациялар жасалса, тіл мен тарихты байланыстырып дамытуға мүмкіндік бар. Жаңа қосымша тек мультфильм ғана көрсетіп қоймай, әр түрлі ойындармен уақыт өткізеді. Мысалы мақал-мәтелдер мен жұмбақтар. Мақал-мәтелдерді жаттауға мүмкіндік беріліп, онлайн басқалармен жарысуға болады. Бұл қызық әрі пайдалы сайыс болады.

Кітап оқу қызық емес, оған уақыт жоқ деп сөйлейтін адамдар жоқ емес, ондай адамдар бар. Сол себепті бұл қосымшада анимациялардан басқа, аудио кітаптар да болады. Мысалы, “Абай жолы” Мұхтар Әуезовтың тарихи-өмірбаяндық романын алса. Бұл шығарма жайлы көптеген қойылымдар ұйымдастырылған. Енді осы қойылымға ұқсас анимациялар жасап, фильм түсіріліп, қосымшада барлығын көрсете отырған жөн, және де аудио кітаптардың болуы. Аудио кітаптар бар болғанымен, оны тыңдайтындай қолайлы қосымшалар жоқ және көп жарнама бар. Жаңа қосымшаның ішінде жарнаманың болмауымен байланысты аудио

кітапты тыңдау ыңғайлы болады. Күнделікті өмірде қолдану қолайлы болуы үшін қосымша қай жерде тоқтағанын өзі есте сақтап отырады.

Анимация мен аудиокітаптар сөзсіз қызық әрі қолданысқа ыңғайлы болмақ. Бірақ берілген мәліметті барынша есте сақтап қалу үшін әр бір бөлімнің соңында міндетті түрде тест немесе сұрақтар болады. Сол себепті бұл әдіс ұтымды болып келеді. Болашақта осындай әдістер мен қосымшалар қолданыста болса, жас ұрпаққа білім беру жүйесі жақсарып қана қоймай, халық арасында тарих пен тіл байлығы артады. Әрине, қазіргі кезде көптеген ұқсас қосымшалар мен анимациялар бар, бірақ олардың бірнеше кемшіліктері бар. Графикасына тоқтала өтсек кейде ол көзге жағымсыз болып көрінеді. Бұл мәселені шешу үшін графикалық дизайн саласына сүйену керек.

«Графикалық және мультимедиялық дизайн» мамандығы адам қызметін қолданудың түрлі салаларына қажет графика мен мультимедиа саласындағы кәсіби мамандарды дайындайды. Олар түрлі салаларда, оның ішінде веб-сайттармен, кинода, теледидарда, жарнамада, білім беру мекемелерінде, жобалау және өндірістік фирмаларда, корпоративтік компанияларда және т.б. жұмыс істей алады.

Бұл мамандық дұрыс бағаланбай қалғандықтан қазіргі анимациялар нашар болып келеді. Сол себепті, осы маман иелеріне дұрыс көңіл бөлінсе мультимедиа саласы дамиды. Бұл айтып өтілген қосымшаның болашақта пайда болуына және дамуына үлкен үлес қосады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 <https://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/452708-chto-ne-tak-s-kazakhstanskimi-uchebnikami>
- 2 . <https://mycollege.kz/site/classifier/speciality?id=607ea4af3ea42f32a3228c60>

ӘОЖ 37.018:159:923

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ - АНА ТІЛНІҢ САҚТАЛУ МӘСЕЛЕСІ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аманжол Аружан Нүсіпжанқызы

aruzhan940@gmail.com

шет тілдер мұғалімдерін даярлау мамандығының 2 курс студенті, М.Х.Дулати атындағы

Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
ғылыми жетекші - Таджибаева Жанна Сайдуллаевна

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Ұлттық құндылықтарымызды атап айтар болсақ, тәуелсіздік және тарихи таным, ел мен жер, тіл және руханият, ұлттық дәстүр және отбасы, білім мен біліктілік. Ұлттық құндылық әр ұлттың ең маңызды діңгегі болып табылады. Ұлттың беріктілігін, шыншылдылығын, кереметтілігін, басқа ұлттардан айырмашылығын оны ерекше еті орнын тайға таңба басқандай көрсетіп отыратын дүниелердің барлығы құндылық болып табылады.

Ресей империясының құрамына қосылып, тек жұмыс көзі болған уақытта осы құндылығымыз жоғалтып, сол елдің тілі, діні, салт дәстүрі яғни ұлттық құндылықтары бізді жұтып жатқан уақыт ең қорқынышты кезең болғаны айдан анық. Сол кезеңдегі жоғалудан, басқа елдің құрамына енуден, сол уақытқа дейін көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан құндылықты сақтап, «Қазақ» атымызды жоғалтпай, қара дақ түсірмей сақтап қалу өте қиын болғаны айдан анық. Тіпті сол үшін жүздеген, мыңдаған адамның, ата -бабаларымыздың қаны тамды, ақ жаулықты аналарымыздың көзінше өзінен шыққан балаларын, кішкентай ғана